

Шет елдердегі Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2000 жылғы 18 қазандағы N 221 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1396. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2016 жылғы 14 маусымдағы № 11-1-2/263 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 14.06.2016 № 11-1-2/263 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 25 бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу жөніндегі **Нұсқаулық** бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілді:

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

2001 жылғы 29 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрінің
2000 жылғы 18 қазандағы
N 221 бұйрығымен бекітілген

Шет елдердегі Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу жөніндегі Нұсқаулық

1. Жалпы ереже

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 27 қыркүйектегі N 217 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Консулдық жарғысының 25 бабына сәйкес, шет елдердегі Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері Қазақстан Республикасының келесі санаттағы азаматтарын есепке алуды жүзеге асырады :

1) Консулдық округ аумағында тұрақты тұрып жатқандарды;
2) Консулдық округ аумағына уақытша келгендерді (іссапарға, оқуға, сынақ мерзімін өткізуге, өзара шарт бойынша жұмысқа, емделуге немесе жеке істер бойынша келгендерді) .

2. Шет елдердегі Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алудың мақсаты :

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ;

2) Болу елдерінің заңдары, Қазақстан Республикасы мен болу мемлекеті қатысушы болып табылатын халықаралық шарттары, сондай-ақ халықаралық ғұрыптары ұсынған барлық құқықтарды Қазақстан Республикасы азаматтарының пайдалануына жан-жақты көмек көрсету;

3) Қазақстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасы Конституциясы мен басқа да Қазақстан Республикасының заң актілерін сақтауларын және олардың өз міндеттерін орындауларын бақылау.

3. Консулдық округ аумағында тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу үшін, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі бекіткен Қазақстан Республикасының Консулдық алымдары тарифіне сәйкес консулдық алым өндіріледі.

4. Тіркеу кезінде консулдық лауазымды тұлға Қазақстан Республикасының азаматтарын болу еліндегі тәртіптер мен шарттар және олардың заңдарын сақтау қажеттілігі туралы хабардар етеді.

2. Қазақстан Республикасының шет елдердегі азаматтарын әскери есепке қою

5. Консул Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оның консулдық округінде тұрақты тұрып жатқан немесе уақытша болатын Қазақстан Республикасының азаматтарының әскери есебін жүргізеді және Қазақстан Республикасының 18 толған азаматтарын әскери мерзімді қызметке шақыру үшін олардың Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұратын жері бойынша әскери комиссариатқа келуін қамтамасыз етеді.

Есеп алу кәртiшкелерiндегi (1 , 2 Қосымша) "Ерекше белгiлер" бағанында әскери мiндеттiлерге "әскери мiндеттi", ал әскер қатарына шақырылушыларға " әскер қатарына шақырылушы" белгiсi қойылады. 18 жасқа толған әскер қатарына шақырылушыларға Қазақстан Республикасына аталған тұлғалардың келген мерзiмi мен орны көрсетiлген атаулы тiзiм жасалады. Тiзiм екi данада, жылына екi рет (наурыз және қыркүйекте) Қазақстан Республикасы Сыртқы iстер министрлiгiнiң Консулдық қызмет департаментiне (бұдан әрi - Консулдық қызмет департаментi) жiберiледi, ондағы тiзiмнiң бiр данасы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлiгiне жiберiледi.

3. Шет елдерде тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу

6. Шет елдерде тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары өздерi тұратын консулдық округ аумағындағы Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерiнде тiркеледi.

7. Тiркелу кезiнде есеп кәртiшкесi толтырылады (2 қосымша). Есеп кәртiшкесiне есепке алуға қабылданатын адамның фотосуретi жапсырылады.

8. 16 жасқа дейiнгi балалар ата-аналарының бiрiнiң есеп кәртiшкесiне жазылады. 16 жасқа толғанда оларға жеке кәртiшкелер толтырылады.

9. 16 жасқа толмаған және ата-анасыз шет елдерде тұрып жатқандарға жеке е с е п к ә р т i ш к е с i т о л т ы р ы л а д ы .

10. Тiркелгеннен кейiн есеп мәлiметтерiнде болатын өзгертулер кезiнде есеп кәртiшкелерiнде тиiстi белгiлер мен өзгертулер жасалады. Сонымен бiрге, бұрынғы жазбалар жойылмайды, тек сызылып тасталынады. Егер кәртiшке бланкiсiнде қосымша жазбалар үшiн орын қалмаса, онда ескi есеп кәртiшкесiне ж а ң а с ы ж а п с ы р ы л а д ы .

11. Фамилиясын өзгерткен кезде жаңа есеп кәртiшкесi толтырылады. Ескi кәртiшке өз орнында картотекада қалады және оған ".....(жаңа фамилиясын көрсету керек) фамилиядағы кәртiшкенi қара".

12. Егер тiркелушiнiң төлқұжатында оның бұрынғы тұрған жерi бойынша Қазақстан Республикасының консулдық мекемесiнде есептен шығару белгiсi болмаса, онда бұлар әдеттегiдей тәртiппен есепке қабылданады.

13. Тiркеу кезiнде төлқұжатта "..... (Қазақстан Республикасы консулдық мекемелерiнiң атауы және оның тұрған жерi) есепке қабылданды" деген белгi жасалынады, күнi, және есепке қабылдаған тұлғаның қолы қойылады (3 қ о с ы м ш а) .

14. ".....есепке қабылданды" белгiсi, төлқұжатта болу елiнде тұрақты

тұруға рұқсат еткен Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары немесе консулдық мекемелерінің жазбасы бар болған кезде ғана қойылады және Қазақстан Республикасына еркін кіруге және шығуға құқық береді.

15. Есеп кәртiшкелері "Тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары" бөлімі бойынша есепке қабылданған картотекада алфавиттік т ә р т і п т е с а қ т а л а д ы .

Есептен шығару

16. Есептен шығару кезінде есеп кәртiшкесіне жазба жүргізіледі. Төлқұжатта: ".....байланысты..... (Қазақстан Республикасы консулдық мекемелерінің атауы және оның тұрған жері) есептен шығарылды" деген белгі жасалып, күні және жазба жүргізген тұлғаның қолы қойылады (4 қосымша).

17. Есептен шығарылған тұлғалардың есеп кәртiшкелері есептен шығарылудың себебі және күні туралы белгісімен "Тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары" бөлімі бойынша есептен шығарылғандар картотекасына қайта салынады.

18. Есептен шығарылғандардың есеп кәртiшкелері екі жыл сақталады және содан кейін тиісті акті ресімделумен жойылады.

4. Шет елдерде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарын есепке алу

19. Запастағы әскери міндеттілер үшін әскери есептен шығарылғаннан кейін, шет елдерге іссапарларға, оқуға немесе жеке шаруасы бойынша (6 ай мерзімге дейін) кеткен Қазақстан Республикасының азаматтары, ал әскер қатарына шақырылғандар үшін (18 ден 27 жасқа дейін), егер тұратын жері бойынша аудандық әскери комиссарының қол қоюымен және гербтік мөрмен расталған мерзімін кейінге қалдыру туралы белгімен тіркелу туралы куәлігін көрсетуі бойынша, "Жалпыға бірдей әскери міндеттер мен әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес оларды әскер қатарына шақыру кейінге қалдырылған болса, олар жұмыс істейтін немесе оқитын ұйымның орналасқан немесе оларды шақырушы тұлғалар тұратын консулдық округ аумағындағы Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінде тіркеледі. Аталған санаттағы азаматтарды тіркеу құжаттарда болу елдері визаларының жарамдылығына немесе рұқсат мерзіміне қандай да бір белгілер қоймай-ақ жүргізіледі. Тіркеу кезінде есеп кәртiшкесі толтырылады. (1 қосымша)

20. Алты айға дейінгі мерзімде (оның ішінде делегация мүшелері) шет

елдерде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының консулдық мекемелерінде журнал бойынша ескеріледі (5 қосымша). Журналды жүргізу тәртібін Консулдық қызмет департаменті а й қ ы н д а й д ы .

21. Ел арқылы транзитпен өтетін, қызметтік іссапарларда жүрген Қазақстан Республикасының дипломатиялық курьерлерін, туристері мен азаматтарын т і р к е у г е ж а т п а й д ы .

Есептен шығару

22. Есептен шығару кезінде есеп кәртiшкесінде есептен шығарылғаны туралы белгі қойылады. Есеп қәртiшкесі "Шет елдерде уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары" бөлімі бойынша есептен шығарылғандар картотекасына ауыстырылып салынады.

23. Есептен шығарылғандардың есеп кәртiшкесі картотекада екі жыл сақталады және одан кейін акт жасалмай-ақ жойылады.

5. Шет елдердегі қазақстандық азаматтарды есепке алу мәселелері жөнiндегі Қазақстан Республикасы консулдық мекемелерінің есебі

24. Қазақстан Республикасының консулдық мекемелері консулдық есепте тұрған Қазақстан Республикасы азаматтарының есебі бойынша мәліметтерді Консулдық қызмет департаментіне әр жарты жыл сайын беріп тұруға міндетті.

1-қосымша

_____ (ЕСЕПKE ҚАБЫЛДАҒАН, КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕНІҢ АТАУЫ)

ШЕТ ЕЛДЕРДЕ УАҚЫТША ЖҮРГЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЕСЕП КӘРТІШКЕСІ _____

1. Фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты _____

2. Туған жері және күні _____

3. Төлқұжаттың N, қашан және кім берді _____

4. Төлқұжаттың жарамды мерзімі және ұзарту туралы белгілер _____

5. Төлқұжатқа енгізілген тұлғалар _____

6. Болу елдері визаларының жарамдылығы немесе рұқсат мерзімі _____

7. Сапардың мақсаты: _____

8. Жұмыс, оқу, сынақ мерзімін өткізу және т.б. орны _____

9. Тұратын жерінің мекен-жайы және телефон нөмірі _____

10. Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұратын мекен-жайы _____

Қолы _____ 11. Ерекше белгілер
2000 жылғы _____

2 қосымша

ЕСЕПКЕ ҚАБЫЛДАҒАН, КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕНІҢ АТАУЫ) _____ (

**ШЕТ ЕЛДЕРДЕ ТҰРАҚТЫ ТҰРЫП ЖАТҚАН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЕСЕП КӘРТІШКЕСІ** _____

1. Фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты (егер фамилияңызды, аты- жөніңізді
ауыстырсаңыз, пайдаланған барлық фамилияларыңызды атаңыз) _____

2. Туған күні _____

3. Туған жері _____

4. Ұлты _____

5. Білімі мен мамандығы, қашан және қандай оқу орнын бітірдіңіз _____

6. Шетелге шығудың мақсаты және күні _____

7. Қазақстан Республикасындағы бұрынғы тұрған мекен-жайы _____

8. Шет елде тұратын жерінің мекен-жайы мен телефон нөмірі _____

9. Жұмыс орны және лауазым _____

10. Қазақстанда туыстарыңыз бар ма, бар болса олардың фамилиялары мен мекен-жайлары _____

11. Төлқұжаттың N, қашан және кім берді, мерзімі _____

12. Төлқұжатқа енгізілген тұлғалар _____

13. Ұзарту және төлқұжатты ауыстыру туралы белгілер _____

14. Жергілікті билік органдары берген құжаттардың көшірмелері _____

15. Қазақстан Республикасына сапарлары туралы белгілер

16. Ерекше белгілер _____

Қолы _____ 2000 жылғы _____

3 қосымша

2000 жылғы _____

_____ есепке қабылданды
(Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің атауы) _____

_____ (консулдық лауазымды
тұлғаның лауазымы фамилиясы, аты-жөні, әкесінің аты)

4 қосымша

2000 жылғы _____

_____ байланысты
(себебі көрсетіледі)
_____ есептен шығарылды
(Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің атауы)

(консулдық лауазымды тұлғаның фамилиясы, аты- жөні, әкесінің аты)

5 қосымша

ІССАПАРҒА НЕМЕСЕ ЖЕКЕ ІСТЕРІ БОЙЫНША
_____КЕЛГЕН ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗАМАТТАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ЖУРНАЛ НЫСАНЫ _____
_____ N

р/с Өтініш Фамилиясы Туған күні Төлқұжаттың Төлқұжаттың білдірген аты-жөні
, және туған N қашан жарамды күні әкесінің жері және кім мерзімі және аты
берген ұзарту туралы белгілер _____

_____ 1 2 3 4 5 6 _____

_____ Төлқұжатқа Болу
Сапардың Жұмыс, Тұратын ҚР-дағы Ескерту Енгізілген елдері мақсаты оқу,
жерінің тұрақты тұлғалар жарамды сынақ мекен-жайы тұратын визалары
мерзімін және жерінің ның өткізу телефон мекен-жайы немесе және т.б. нөмірі
рұқсат орны. мерзімі Телефон нөмірі _____

_____ 7 8 9 10 11 12 13 _____